

## БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, «ЭКОЛОГИЯ» АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, ПРОФЕССОР МАМУТОВ ЖЕКЕН ҮМБЕТҚҰЛҰЛЫНЫҢ 80 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛАДЫ



*Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек.*

**Әл-Фараби**

2019 жылдың 9 мамырында Мамутов Жекен Үмбетқұлұлы өзінің 80 жылдық мерейтойын атап өтті. Мамутов Жекен Үмбетқұлұлы – биология ғылымдарының докторы, «Экология» академиясының академигі география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының тәжірибесі мол, атаулы тұлға профессоры.

Мамутов Жекен Үмбетқұлұлы 1962 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультетінің биология, химия және ауыл шаруашылығы өндірісі бөлімін үздік бітірген. Өз мансабын аталған оқу орнында оқытушы қызметін бастады. ҚазКСР ҒА топырақ институтында аспирантурада білім алып, топырақтану және агрохимия институтында аға лаборант қызметінен, кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер болып жұмыс атқарды. Тұзды топырақ биохимиясын зерттеу тобының, топырақ биохимиясы лабораториясының меңгерушісі және «Дархан» ғылыми-өндірістік кооператив төрағасы, ғылыми-өндірістік технология лабораториясының меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1996-2000 жылдары Қытай Халық Республикасымен келісім-шарт негізінде, оның бағдарламасы бойынша Қытай аумағының тұзданған топырағын игеру мақсатында «Жасыл индустрия» институты құрылды. Топырақ институтында (1996-1997) директор орынбасары, (1998-1999), (1998-1999) директор. Ұзақ жылдар бойы осы институттың тұрақты ғылыми кеңесшісі қызметін атқарып келді.

XX ғасырдың 50 жылдары тың және тыңайған жерлерді игеру науқанының бастылуына сәйкес ғылымға деген құштарлығы мен қызығушылығын байқаған институттың директоры, атақты топырақтанушы-географ Ө.О. Оспановтың нұсқауымен Республиканың солтүстігіндегі қаратопырақтардың құнарлылығын түбегейлі зерттейтін экспедиция құрамында қызмет етті. Жекен Үмбетқұлұлының экспедиция кезінде әріптестерімен бірге жүргізген жұмыстарының нәтижесі бойынша бұл өңірде топырақ құрамындағы қарашірік мөлшерінің 50%-ға дейін кемігенін анықтады.

Жұмыс барысында таянбай еңбек етіп, топырақтану ғылымының дамуына үлесін қосып келді. 1969-1970 жылдары Кеңес Одағы мен Моңғолия академиясының шешімімен арнайы біріккен биология экспедициясы құрылып, соның құрамына Қазақстаннан Ж.Ү. Мамытов қабылданды. Екі жыл бойы оңтүстік Гоби аймағының топырағын зерттеп, қайтып келгеннен кейін, Іле өзенінің төменгі сағасындағы Ақдала алқабына күріш егу қарқынды іске асырылып жатқандықтан, сондағы тұзды топырақтың болмасын жан-жақты зерттеп, жоғарыда көрсетілген мелиорацияның түрін іске асыру сәті түседі. Бұл жұмыс «Главриссовхозстрой» деп аталатын Одақтық дәрежедегі мекеменің тапсырысымен орындалып, мол қаражаттың көмегімен 40-тан астам адам зерттеу жүргізіп, ақыры «топырақтың тұзын жуып-шайып кетірмей-ақ, күріштің жоспарлы өнімін алуға» қол жеткізді.

«НТОЗ» деп аталатын бұл технология Алматы, Қызылорда облыстарында игеріліп, өндіріске ендіріліп, Қарақалпақтағы 25 күріш совхозында толық пайдаланылып, Украинаның Херсонында, Ресейдің Краснодарында, Солтүстік Корея мен Қытайда сынақтан өтті. Нәтижесінде, Кеңес Одағының ғылым саласында алғашқы болып, «Дархан» деп аталатын ғылыми-өндірістік кооператив ұйымдастырып, Ж.Ү.Мамытовтың басқаруымен 100 мың гектар тұзды топырақ игерілді. Өкінішке орай, бұлардың әрекеті Кеңес Одағының ыдырауымен тоқталып қалды.

Бірақ, «НТОЗ»-дың ғылыми-теориялық, эксперименттік, өндірістік болашағы жағынан жаңа ұғымдық концепция тұрғысынан әрі қарай дамыту тоқтатылған жоқ. 2002 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және табиғатты пайдалану факультетінің профессор қызметін атқарып келуде. Бұл жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіндегі «ЕМК Ғылыми-технологиялық паркінің» қабырғасында жалғасын тауып, бакалавриат, магистрант студенттері мен PhD докторанттар белсенді қатысуда. Мелиорацияның бұл бағытын ландшафттарға бейімделген егіншілік жүйесімен байланыстырып, кешенді зерттеулер мен экологиялық таза, экономикалық тиімді технологияларды қалыптастыру арқылы іске асыру жоспары жасалған. Бұл бағытта 4 PhD докторлық диссертация қорғалып, 2 оқу құралы және бір монография жазылып, жарық көрді. Осылардың нәтижелі қорытындысы ретінде Ж.Ү. Мамытовтың ұсынысымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасында «Ландшафттарға бейімделген егіншілік жүйесі» атты пән ендіріліп, профессордың өзі қазақ және орыс тіліндегі білім алатын топтарға дәріс оқиды.

ҒӨӨЭЖ РММ және ҚР Ауыл шаруашылығы топырақ құнарлығы лабораториясының меңгерушісі қызметін қосымша атқарады. Г.А. Егоричев және Б.А. Корниенко ғалымдарымен бірге тұзданған топырақтың мелиорациясының жаңа теориялық негізін әзірледі. Күріш алқаптарындағы тұзданған топырақтың карбонатты тепе-теңдігі биохимиясының бұзылуын және өсімдіктер микроорганизмі алғаш айқындалып, энзимдердің рөлі жайлы алғаш мәліметтер алынған. Аридті зона топырақтарындағы тұздану және сілтілену тұжырымдамаларын ұсынған. Осы ғылыми тұжырымдама негізінде «Күріш алқаптарындағы сілтілі топырақтарды игерудің жаңа технологиясы» құрастырылып, КХДР, ҚХР, Ресей, Украи-

на, Өзбекстан, Қарақалпақ елдерінде сынақтар жүргізілді. Жақын және алыс шет елдердегі бірқатар әдістемелік нұсқаулардың авторы. Осы зерттеушілермен Қазақстандағы тұзданған топырақтарды зерттеуге тұңғыш рет электронды микроскоп, газ-сұйықты хроматографы, аминқышқылды анализаторлар пайдаланылды. Ғалымның жетекшілігімен 14 ғылым кандидаты және 2 ғылым докторы қорғалды.

Ғылыми қызығушылық шеңбері: топырақтану, мелиоративті география, топырақ дегумификация үрдісі және жер өңдеудің бейімделген ландшафт жүйесі.

300-ге жуық мақалалар, соның ішінде 6 монография, 15 өндіріске ұсыныс және 12 авторлық куәлік авторы жарық көрді. Серіктес авторлармен бірге ғылыми жұмыстарының қорытындылары монография ретінде жарық көрген. Негізгі еңбектерін атап өтсек, «Южные чернозёмы» (1972), «Почвы Акдалинского массива» (1977), «Теоретические основы мелиорации засоленных почв Казахстана и перспективы освоения таких почв в КНР», (1997), (қытай тілінде); «Система ведения сельского хозяйства Алматинской области» (2005), «Концепция развития адаптивно-ландшафтной системы земледелия для юго-востока Казахстана на период до 2010 г.» (2006), «География и экология почв Казахстана» (2006), «Физическая география Республики Казахстан» (2010). Сонымен қатар, 2018 жылы Германияның «Springer» баспасынан «Man-Made Ecology of East Kazakhstan» атты жұмысы жарық көрді.

Үздіксіз таянбай еңбек етіп, тұзды топырақтарды игерудің жаңа теориялық негізін жасап, оны сілтіліктің химиялық, био- және геохимиялық түзілу жолдарын зерттеу арқылы дәлелдеп, мелиорациялау тәсілдерін ұсынды. Зерттеу барысында күріш алқаптарындағы тұзды топырақтардағы карбонаттық жүйенің тепе-теңдігінің бұзылуының биохимизмін анықтап, оларда микроағзалар мен жоғарғы сатыдағы өсімдіктердің рөлін айқындады. Бірақ ғалымның ғылыми зерттеу аясы тек осы тақырыптармен ғана шектеліп қана қоймай, сонымен қатар Қазақстанда ландшафттарға бейімделген егіншілік және мал шаруашылығы жүйесін енгізіп, елеулі нәтижелерге жеткен – Мамутов Ж.Ү.

Жекен Үмбетқұлұлын келіп жеткен 80 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып профессорға мықты денсаулық, шығармашылық шабыт пен табыс тілейміз.

*Шокпарова Д.К., PhD, география,  
жерге орналастыру және кадастр кафедрасының  
оқытушысы және шәкірттері*